#ӘЛЕУМЕТ

Инклюзивті саясат шаралары қаралды

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында мемлекеттің инклюзивті саясатын жетілдіру жолдары талқыланды. Оған аймақ басшысы Нұрымбет Сақтағанов қатысты. Бүгінде Шығыс Қазақстанда ерекше қажеттіліктері бар 29 мыңнан астам адам тұрады. Оның ішіндегі 3,3 мыңы бала.

ШҚО Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының мәліметіне сүйенсек, өңірдегі 4 142 адам – көру қабілеті бойынша, 1 085 адам – есту қабілеті бойынша, ал 7 126 адам қозғалу қиындықтарына байланысты ерекше қолдауды қажет етеді. Қоғамға бейімдеу мақсатында жыл сайын олардың техникалық оңалту құралдары мен әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша 14-15 мыңнан астам өтініші орындалады.

Жыл басынан бері 7 мыңға жуық өтініштің 4 236-сы орындалып, оңалту бағдарламаларының жүзеге асу деңгейі 60,9% құрады.

2023-2027 жылдарға арналған жоспарға сәйкес өңірде 1 348 әлеуметтік нысанды мүмкіндігі шектеулі жандарға бейімдеу көзделген болатын. 2026 жылы 270 нысанды бейімдеу жоспарланса, бүгінде оның 42-сі дайын.

Өңірде «Инватакси» қызметі де жұмыс істеп тұр. Қазір бұл қызметпен 520 адам қамтылып, оған 36 көлік тартылған.

Облыста ерекше қажеттіліктері бар адамдардың ішіндегі еңбекке қабілеттілер саны 12,5 мыңнан асады. Ал 3 800-ге жуық адам тұрақты табыс тауып отыр. Биыл 113 адам жұмысқа орналасса, 26 адам «Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқуға жіберілген.

«DIDAR» ақпарат

#БІЛІМ

Қазақ тілі – халықаралық ғылыми алаңда

Айдос МЫРЗАХМЕТОВ

Азиаттық-Тынық мұхиты лингвистикалық олимпиадасында (APLO-2026) қазақ тілі алғаш рет халықаралық пәндік олимпиаданың жұмыс тілі ретінде қолданылды.

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, APLO-2026 олимпиадасы Азиаттық-Тынық мұхиты елдері Қазақстан, Қытай, Жапония, Малайзия, Корея Республикасы, Сингапур және Таиландтан келген 300-ге жуық дарынды оқушыны біріктірді.

Аталған зияткерлік жарыс-дарынды жастарды анықтауға және оларды Халықаралық лингвистикалық олимпиадаға даярлауға бағытталған беделді алаң.

Оқу-ағарту министрлігі олимпиада барысында тапсырмалар мен олардың ресми шешімдері ұйымдастырушылардың платформасында қазақ тілінде жарияланғанын жеткізді. Осылайша, қазақ тілінің халықаралық академиялық коммуникация құралы ретіндегі әлеуеті іс жүзінде дәлелденді.

Қазақстан құрамасы бұл олимпиадаға үшінші рет қатысып отыр. Биыл ел намысын 8 оқушы қорғады. Нәтижесінде қазақстандық оқушылар 1 алтын, 1 күміс және 2 қола медаль жеңіп алып, жоғары дайындық деңгейін көрсетті. Сонымен қатар, 4 қатысушы Құрмет грамотасымен марапатталды.

#КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫ

«Шығыс шақырады»: тұрақты жұмыс пен жаңа өмірге жол ашық

Ержан ӘБІШ

Өңірде көші-қон саясаты жаңа қарқын алуда. Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында білікті мамандарды тарту және қоныс аударушыларды өңірге тұрақтандыру бағытында атқарылған және жоспарланған жұмыстар жөнінде баяндады.

Жиындағы негізгі мәселелердің бірі көші-қон саясаты болды. Үкімет деңгейінде квазимемлекеттік сектор мен бизнес үшін сұранысқа ие, білікті мамандарды елге тарту жұмысын күшейту тапсырылды.

Жалпы, 2017-2025 жылдар аралығында біздің облысқа 2209 отбасы қоныс аударған екен. Шығыс Қазақстан – қандастар мен еліміздің басқа өңірлерінен көшіп келушілер үшін тартымды аймақтардың бірі. Бұл бағытта «Шығыс шақырады» өңірлік бағдарламасы іске асырылып, қоныс аударушылардың бейімделуіне және шекара маңындағы аумақтарды дамытуға қолдау көрсетіліп келеді.

Қоныс аударушылардың ішінде 82 адам – жоғары білімді, 110 адам – орта білімді, ал 143 адамның кәсіби білімі жоқ. 335 еңбекке қабілетті азаматтың 195-і, яғни 58 пайызы жұмыспен қамтылды. Өткен жылы қоныс аударушыларды қолдауға мемлекет тарапынан 496 миллион теңге бөлінді. Қаражат көшу шығындарын өтеуге, тұрғын үйді жалға алуға және арнайы сертификаттар беруге бағытталған.

– Алдағы жылдары облыста 15 мыңнан астам маманға қажеттілік туындайды. Қазір құрылыс, энергетика, өнеркәсіп, білім беру, денсаулық сақтау, көлік және әлеуметтік салада шамамен 4 мың маманға сұраныс бар, – деді аймақ басшысы.

Сонымен қатар облыс әкімі өңірге келушілерді бақылауды күшейту міндеті қойылып отырғанын да жеткізді. Бұл бағыттағы жұмысты құқық қорғау органдары жүргізуде.

Жалпы, көші-қон саясатының басты мақсаты – адамдарды тарту ғана емес, олардың өңірде тұрақтап, жан-жақты дамуына жағдай жасау.

#КӘСІПКЕРЛІК

Инвестиция тарту мен бизнесті дамытудағы жүйелі қадамдар

Облыста кәсіпкерлікті қолдау мен инвестиция тарту бағытындағы жұмысты күшейту мәселесі талқыланды. Осыған орай өңір әкімі Нұрымбет Сақтағанов «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы президиумының төрағасы Қанат Шарлапаевпен кездесіп, өндіріс, туризм және гидроэнергетика салаларындағы нақты жобалар мен алдағы жоспарларды пысықтады.

– Облысымызда кәсіпкерлермен өзара тиімді ынтымақтастықты арттыру үшін іскерлік кеңес құрдық. Өзім айына бір рет сол кеңестің отырысына қатысып, бизнес өкілдерінің ұсыныстары мен мәселелерін тыңдаймын. Бізде туризм саласының әлеуеті өте зор. Қазір саланы дамытудың арнайы жоспарын құрып жатырмыз. Ол бір жарым айдың ішінде дайын болуы тиіс, – деді аймақ басшысы.

Өз кезегінде Қанат Шарлапаев өңірде кәсіпкерлікті қолдау және инвестициялық ахуалды жақсарту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын берді.

– Кәсіпкерлерге үнемі қолдау көрсетіп келе жатқаныңызды білеміз. Бұл жұмыс нәтижелерінен де көрініп тұр. Сол үшін өзіңізге бизнес қауымдастықтың атынан алғыс білдіремін! «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы өңірмен стратегиялық серіктестікті нығайтуға мүдделі. Облыстың гидроэнергетика саласына инвестиция тарту бағытында да бірлесе жұмыс істеуге әзірміз, – деді ол.

Кездесуде өңірдің энергетикалық әлеуетіне де ерекше назар аударылды. Облыс әкімі бүгінде ШҚО аумағында 90-ға жуық су электр станциясын салуға арналған орындар айқындалғанын жеткізді.

Сонымен қатар, аймақтың туристік тартымдылығын арттыру мақсатында экологиялық ахуалды жақсарту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр.

– Өскеменде ауаға шығарындылар өнеркәсіптік кәсіпорындардан бөлек, көмірмен жұмыс істейтін жылу электр орталықтары мен қыста пеш жағатын жер үйлерден таралады. Қалада 140 мыңнан астам автокөлік тіркелген. Желсіз күндері бұл да ауадағы ластаушы заттардың жиналуына әкеледі. Сондай-ақ, екі гидроэлектр станциясы Ертіс пен Үлбі өзендерінің қыс мезгілінде қатпауына әкеліп, содан қалың тұман пайда болады. Негізінен қараша-наурыз айларында болатын қолайсыз метеорологиялық жағдайлар кездерінде кәсіпорындар өндірістік жүктемені 20-50%-ға төмендетіп жатыр. Экологтар ауа сапасын тұрақты түрде тексеруде, – деді облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов.

Айта кетейік, жұмыс сапары аясында Қанат Шарлапаев өңірдегі бірқатар өндірістік кәсіпорындарды аралауды жоспарлап отыр. Олардың қатарында «Шығыс Сүт» корпорациясы, «Силумин-Восток» және «Altai Mai» ЖШС бар.

«DIDAR» ақпарат